



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 9/87
2 наурыз



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Аутизмге шалдыққан балалардың біздің қоғамға толықтай бейімделуіне көңіл бөлу аса қажет. Олардың арасында қабілетті балалар көп. Мұндай балаларды қолдауды жалғастыра береміз» деген еді кезекті бір мәлімдемесінде. Статистикалық деректерге сәнсек, Қазақстанда аутизмге шалдыққан 12 мыңнан астам бала бар екен. Оларға көмек көрсету үшін психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, оңалту орталықтары жыл сайын ашылуда. Бүгінде елімізде 208 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті мен 18 оңалту орталығы жұмыс істейді. Арнайы аутизм орталықтары да бар.

«Цифрлық аутизм: «сатып алған» аурудың емі бар ма?» мақаласынан
«ORTALYQ QAZAQSTAN»



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Америкалық педиатрия академиясы баланы екі жасына дейін гаджеттен аулақ ұстауға кеңес береді, ересек балаларға күніне 2 сағат жеткілікті дейді ол жақтағы мамандар.

«Цифрлық аутизм: «сатып алған» аурудың емі бар ма?» мақаласынан
«ORTALYQ QAZAQSTAN»

ҚҰРМЕТТІ АНАЛАР, АЯУЛЫ ХАНЫМДАР

Халықаралық әйелдер күні!



Халықаралық әйелдер күні – көктемнің мейірім мен сүйіспеншілікке толы мерекесі. Сіздерді мейрамдарыңызбен шын жүректен құттықтаймын! «Қыз өссе елдің көркі» деген дана халқымыз қыз баланы ерекше құрметтеп, әрқашан төрден орын берген. Қазақ қызы қашан да сұлулығымен, даналығымен және қайсарлығымен дараланған.

Қазіргі таңда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын ардақты ана ғана емес, ол мемлекеттік қызмет пен қоғамдық істе де, кәсіпкерлік салада табыстарға қол жеткізіп, саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі.

Сондықтан елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына айрықша мән беріледі.

Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасылық бақыт пен қызметтеріңізге сәттілік тілеймін!

Жүздеріңізден күлкі, көңілдеріңізден қуаныш кетпесін!

ДОРОГИЕ ЖЕНЩИНЫ!

Сердечно поздравляю вас с весенним праздником – Международным женским днем 8 Марта!

Восьмое марта – особый праздник, позволяющий выразить свою любовь и восхищение прекрасной половиной человечества. Уверен, что сегодня в ваши адреса прозвучат слова самых лучших пожеланий от всего сердца.

Женщины любых профессий во все времена представляют собой кладь доброты и чуткости, понимания и вдохновения. Мы восхищаемся вашими талантами, оптимизмом, трудолюбием, умением сочетать семью и дом с профессиональными достижениями.

Мы искренне гордимся вашими впечатляющими успехами в профессиональной и общественной деятельности, восхищаемся вашей мудростью, терпением, тактом и душевной чуткостью.

Этот прекрасный праздник приходит к нам в начале весны, когда все оживает и расцветает. И это неслучайно. Вы наполняете жизнь красотой, согреваете родных и близких душевным теплом и вниманием. Желая вам праздничного весеннего настроения, счастья и благополучия!

Приозерск қаласының әкімі Ахметов М.Т.

Приозерск қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ОЛЖАС БЕКТЕНОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ



Президентке еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы және экономиканың өсімін қамтамасыз ету жоспары туралы баяндалды.

Премьер-Министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысына отандық тауар өндірушілерді қолдауды күшейту үшін қабылданып жатқан шаралар жайында мәлімет берді. Қазақстандық өнімдердің үлесін арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың, жер қойнауын пайдаланушылар мен квазимемлекеттік сектордың сатып алу рәсімдерін жетілдіру жұмыстары басталды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өнеркәсіптің перспективті салаларын қарқынды түрде дамытуға ерекше назар аударылып жатыр.

Сонымен қатар Президентке Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері жөніндегі комиссияның жұмысы туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ»
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНЫҢ 104 БАБЫ 6-1
ТАРМАҒЫНЫҢ 1 ТАРМАҚШАСЫНА СӘЙКЕС
БІРМАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ
САЙЛАУ ОКРУГТАРЫ
БОЙЫНША ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТТАРДЫҢ
ОРНЫНА ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАР
ТІРКЕЛГЕНДІГІ ЖӨНІНДЕ
ХАБАРЛАМА**

Реттік №	Округ №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
1	№ 7 округ	Абулова Жанат Ялғашбековна	1989 ж.	Тіл саясаты жөніндегі әдіскер, «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны
2	№ 7 округ	Галимжанов Руслан Еркінбаевич	1978 ж.	Директор, «Сарышаған Су Жылу-2014» ЖШС, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны
3	№ 7 округ	Кенжебаев Ришад Галиевич	1977 ж.	Инженерлік-шаруашылық қызметінің бастығы, «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны
4	№ 10 округ	Иманов Марат Сабыкович	1976 ж.	Шаруашылық меңгеруші, «Приозерск қаласының орталық қалалық ауруханасы» КМК, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны
5	№ 10 округ	Койшин Руслан Канатович	1990 ж.	Директор, «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны
6	№ 10 округ	Юн Станислав Алексеевич	1976 ж.	Зейнеткер, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны

**В СООТВЕТСТВИИ С ПОДПУНКТОМ 1, ПУНКТА 6-1,
СТАТЬИ 104 КОНСТИТУЦИОННОГО ЗАКОНА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ВЫБОРАХ В
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН»
СООБЩЕНИЕ О РЕГИСТРАЦИИ КАНДИДАТОВ В
ДЕПУТАТЫ ПО ОДНОМАНДАТНЫМ
ТЕРРИТОРИАЛЬНЫМ ОКРУГАМ
ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА
ВМЕСТО ВЫБЫВШИХ**

№	№ округа	Ф.И.О	Год рождения	Место работы, должность, место проживания
1	№ 7 округ	Абулова Жанат Ялғашбековна	1989 г.	Методист по языковой политике, ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта г.Приозерск», проживает в г. Приозерск Карагандинской области
2	№ 7 округ	Галимжанов Руслан Еркінбаевич	1978 г.	Директор, ТОО «Сарышаған Су Жылу-2014», проживает в г.Приозерск Карагандинской области
3	№ 7 округ	Кенжебаев Ришад Галиевич	1977 г.	Начальник инженерно-хозяйственной службы, ТОО «Лечебно-оздоровительный комплекс «Балхаш», проживает в г.Приозерск, Карагандинской области
4	№ 10 округ	Иманов Марат Сабыкович	1976 г.	Заведующий хозяйством, КГП «Центральная городская больница г.Приозерск», проживает в г.Приозерск, Карагандинской области
5	№ 10 округ	Койшин Руслан Канатович	1990 г.	Директор, ТОО «Лечебно-оздоровительный комплекс «Балхаш», проживает в г.Приозерск Карагандинской области
6	№ 10 округ	Юн Станислав Алексеевич	1976 г.	Пенсионер, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области



ҚАЗАҚСТАН МӘСЛИХАТТАРЫНА 30 ЖЫЛ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ VIII ШАҚЫРЫЛҒАН ДЕПУТАТТАРЫ (2023-2028ЖЖ)



	Исатаев Алтай Нәсіпбекұлы, мәслихат төрағасы		Ахметов Мансұр Талғатұлы, мәслихат депутаты		Әкімова Мақпал Шаймерденқызы, мәслихат депутаты
	Дүйсенбаев Дулат Орынбасарұлы, мәслихат депутаты		Бейскеева Ирина Владимировна, мәслихат депутаты		Омаров Нұрлан Шадыбайұлы, мәслихат депутаты
	Әбдімүтәліпов Мұса Жәліұлы, мәслихат депутаты		Жарылғапов Бек Тәңірбергенұлы, мәслихат депутаты		Қарабалаев Талғат Әлімжанұлы, мәслихат депутаты
	Сатыбалдин Бахтияр Сәкенұлы, мәслихат депутаты		Абдурахманов Ержан Нұрланбекұлы, мәслихат депутаты		Айтбаев Қайнар Қайсарұлы, мәслихат депутаты
			Әліхан Әзімхан Бақытханұлы, мәслихат депутаты		

ПРЕЗИДЕНТ МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ЕРЛАН ҚОШАНОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысына Мәжілістің қазіргі заң шығару қызметі туралы баяндалды. Ерлан Қошановтың айтуынша, жоспарланған өзгерістерді заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекет басшысының жүктеген барлық міндеті тиісті деңгейде және уақытылы орындалып жатыр.

Мәселен, соңғы екі айда ғана Мәжіліс 18 заң қабылдап, Сенаттың қарауына жіберген. Атап айтқанда, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл, цифрландыру, ғылым, бизнес жүргізу, медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін сақтандыру, трансферттік баға белгілеу, халықтың көші-қон мәселелері секілді құқықтық нормаларға түзетулер енгізілген.

Қазіргі уақытта Президенттің тапсырмасын орындау үшін депутаттар Бюджет, Су, Құрылыс кодекстері, сондай-ақ бірқатар маңызды заң жобалары бойынша бір мезетте жұмыс жүргізуде. Енгізілген әрбір жаңа өзгерісті сарапшылар мен жұртшылық кең көлемде талқылайды, палатаның барлық іс-шарасына бұқаралық ақпарат құралдары мен мүдделі үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кедергісіз қатыса алады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына «Аманат» партиясының жұмысы туралы мәлімет берілді. Кездесуде азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған Президенттің бастамаларын іске асыру шеңберінде әзірленген партияның «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Қарызыз қоғам» жобаларына ерекше назар аударылды. Барлық жоба халықтың нақты мәселелерін шешуді көздейді және оларды қоғам қызу қолдап отыр. Мәселен, «Жер аманаты» жобасы аясында екі жыл ішінде 10 миллион гектардан астам жер мемлекетке қайтарылды. Қаңтар-ақпан айларында «Қарызыз қоғам» жобасы бойынша 15 мың адам қаржылық сауаттылықты арттыру курсынан өтті. Жыл соңына дейін тағы да 750 мың азаматты оқыту жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Президентке депутаттардың парламенттік дипломатия бағытындағы қызметі туралы ақпарат берілді.

akorda.kz

СОТ КАБИНЕТИ – СОТ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІҢ КЕПІЛІ

Сот кабинеті – Қазақстан Республикасы соттарының сервистеріне электрондық түрде қол жеткізудің бірыңғай терезесі. Қызмет азаматтық және қылмыстық істер бойынша электрондық өтініштер, өтініштер мен шағымдар беруге арналған. Сот кабинетіне тіркелген және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде сот істері мен материалдары бойынша өтініш жіберу және ақпарат алу үшін Сот кабинетінің қызметтерін пайдаланатын кез келген жеке немесе заңды тұлға «Сот каби-

нетінің» пайдаланушысы бола алады. Соттар өздерінің күнделікті тәжірибесінде ІТ-технологиялар мен Интернет-ресурстардың мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланады. Жаңа технологиялар сот ісін жүргізу уақытын едәуір қысқартады және соттардың жұмысын арттырады. Жоғары технологияларды енгізу өз алдына мақсат емес, олар қазіргі заманның талабы болып отыр.

Сот әкімшісінің басшысы
Д.А.Сатыбалдин

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы-адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген

сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Кеңсе бас маманы аға сот
приставы С.Н.Байжан

ОРАЗА ЖАҚЫН ҚАЛДЫ



Қарамағындағы Республикаларды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған кеңестік кезеңде қазақ халқы көптеген салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық құндылықтарынан алыстап кеткені жасырын емес. Тілімізді біртіндеп жою саясатын қолданса, дінімізге революцияның алғашқы күнінен-ақ шүйліккен. Соның кесірінен еліміздің орталық, солтүстік аймақтары ораза тұтудан, намаз оқудан, шариғаттан ажырап қалды. Оңтүстік және батыс аймақтарда бұл мұсылман қағидаттары ішінара сақталды. Мен туып-өскен Өзбекстан Республикасына қарасты Тауелібай өңірінде дін де, салт-дәстүр де толығымен сақталды деп айта аламын. Себебі өзбек билігі өздері де дінді жасырын ұстанғандықтан, халықтың наным-сеніміне тиіскен жоқ. Сондықтан да бала кезімізден ораза өз мезгілінде ұсталып, айт мерекелері тойланып отырғанын көріп өстік. Бүгінгі тәуелсіз елдің ел-жұрты жоғалтып ала жаздаған дініне қайтқанына шүкірлік етеміз. Жақындап қалған ораза тұту мерзіміне орай қаламыздағы мешіт имамы Дәуіт Сейтқалиұлынан ораза жайлы, оның адамға пайдасы, мұсылманның міндеттері, қасиетті айлар мен күндер туралы әңгімелеп беруін өтінген едік.

– Көптен күткен айлардың сұлтаны, уақыттың төресі Рамазан жақындап та қалды. Бір ай бойы Алла разылығы үшін иман еткен мүміндер астан тиылып, құлшылыққа ден қойып, нәпсісімен күреседі. «Әй, мүміндер! Күнелардан сақтанып, тақуалыққа жетулерің үшін сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей, ораза парыз етілді», - деп Алла Тағала ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жеткен мұсылманға Рамазан оразасын міндет қылды. Осы сүренің 185

– аятында: «Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын. Алла Тағала сендерге оңайлық қалайды, ауыршылық қаламайды. Сендерді тура жолға салған Аллаға шүкірлік етулерің үшін санын толтырыңдар. Әрі Алланы ұлықтаңдар», - деп жеңілдігі барын да айтты. Енді қарыз күндерді қашанға дейін өтеу керек деген сауал туады. Әлбетте, жіберілген күндерді қолдан келгенше тезірек өтеген абзал. Ертеде саңлақ сахабалар мен ізгі ниетті мұсылмандар Рамазан енді аяқталып жатқанда, «Иә, Раббым келесі Рамазанға аман-есен жеткізе гөр» деп дұға етіп, асыға күткен. Өйткені бұл ай Раббымыздың рақымшылығы мен кешіріміне толы ерекше ай. Құдси-хадисте Алла Тағала: «Аузы берік адам ішіп-жеуін мен үшін доғарды. Ораза – Мені мен құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен ғана беремін», - деген. Рамазан айындағы Оразаның сауабын тіпті періштелер де жазбайды, ол тек аса Қамқор ерекше Мейірімді Аллаға ғана аян. Сондықтан да, ертең Оразамыз толық болмай, Рамазанның өлшеусіз сауабынан мақұрым қалмасқа кім кепіл. Шафиилерде алдыңғы Рамазанның қарызын, келесі Рамазанға дейін өтеу парыз. Өйтпеген жағдайда, әрі қаза, әрі кәффаратын өтеу керек деп біледі. Ал Ханафи мәзхабында ондай шектеу жоқ. Ғалымдар Құран яки хадисте белгілі уақыт белгіленбегендіктен, келесі Рамазанға дейін өтеуді міндеттемеген. Алайда, адам баласының қара жерді қаншалықты басып жүретіні беймәлім. Расулалла Мұхаммед: «Ережеп – Алланың айы, Шағбан – менің айым, Рамазан – үмметімнің айы» деп қасиетті айларды атап айтқан. Ережеп,

Шағбан айлары Исламда Рамазанға дайындық болып саналады. Осы қасиетті айларды да тиімді пайдаланып, былтырғы Рамазаннан қалған қарыздарымызды өтеп алуға да болады. Алла әрбір құлшылығымызды сауаптан жазып, Рамазандағы оразамызды қабыл етпей!

Мен өткендегі бір садака кезінде қатысқан қала тұрғындарына Бараат түні жайлы уағыз айттым. Бұны әрбір мұсылман ескеріп, жүзеге асырып жүрсе сауабы мол болар еді. Бұл түннің ерекше қасиеті көп. Бір ғана мысал, осы түні барлық адамның бір жылдық ризығы бөлінеді. Сондықтан Бәраат түнін ғибадатпен, тақуалықпен өткізген абзал.

түнге «Періштелер мейрамы» деген есім берілген, – дейді.

Бұл түннің тағы бір артықшылығы бір жылдық күнадан арылуға болатындығында. «Шағбан айының он бесінші түні (Бәраат) бір жылдық күнәні, Жұма түні бір апталық күнәні, Қадір түні өмір бойғы күнәларды өшіреді», – деген Субки (р.а.) тәпсір кітабында.

Бұл түнді құлшылықпен өткізгендер шексіз сауапқа кенелері сөзсіз. Тек төменде айтылатын алты түрлі күнәсі барлар бұл сауаптан кенде қалуы мүмкін. Олар: Әрдайым арақ-шарап ішетіндер; Әке-шешесін қапа қылғандар; Зинақорлыққа барғандар; Әдейіліп сауда-саттықтың бағасын көтеретін саяттар; Сурет

muftyat.kz

Рамазан

Ораза кестесі

2024

Тыжери 1445 жыл

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

РАМАЗАН АЙЫ	АЙТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ ЖҮНЕ СӘУІР	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауысашар уақыты)	ҚИПТАН
1	Дүйсенбі	11 Наурыз	05:01	06:24	12:23	16:18	18:12	19:35
2	Сейсенбі	12 Наурыз	04:59	06:22	12:22	16:19	18:13	19:37
3	Сәрсенбі	13 Наурыз	04:57	06:20	12:22	16:21	18:15	19:38
4	Бейсенбі	14 Наурыз	04:55	06:18	12:22	16:22	18:16	19:40
5	Жұма	15 Наурыз	04:52	06:16	12:21	16:23	18:18	19:42
6	Сенбі	16 Наурыз	04:50	06:14	12:21	16:25	18:20	19:43
7	Жексенбі	17 Наурыз	04:48	06:12	12:21	16:26	18:21	19:45
8	Дүйсенбі	18 Наурыз	04:45	06:09	12:21	16:27	18:23	19:47
9	Сейсенбі	19 Наурыз	04:43	06:07	12:20	16:28	18:24	19:49
10	Сәрсенбі	20 Наурыз	04:41	06:05	12:20	16:30	18:26	19:50
11	Бейсенбі	21 Наурыз	04:38	06:03	12:20	16:31	18:27	19:52
12	Жұма	22 Наурыз	04:36	06:01	12:19	16:32	18:29	19:54
13	Сенбі	23 Наурыз	04:34	05:59	12:19	16:33	18:31	19:56
14	Жексенбі	24 Наурыз	04:31	05:56	12:19	16:35	18:32	19:57
15	Дүйсенбі	25 Наурыз	04:29	05:54	12:19	16:36	18:34	19:59
16	Сейсенбі	26 Наурыз	04:27	05:52	12:18	16:37	18:35	20:01
17	Сәрсенбі	27 Наурыз	04:24	05:50	12:18	16:38	18:37	20:03
18	Бейсенбі	28 Наурыз	04:22	05:48	12:18	16:39	18:38	20:05
19	Жұма	29 Наурыз	04:19	05:46	12:17	16:41	18:40	20:07
20	Сенбі	30 Наурыз	04:17	05:43	12:17	16:42	18:42	20:08
21	Жексенбі	31 Наурыз	04:14	05:41	12:17	16:43	18:43	20:10
22	Дүйсенбі	1 Сауір	04:12	05:39	12:16	16:44	18:45	20:12
23	Сейсенбі	2 Сауір	04:09	05:37	12:16	16:45	18:46	20:14
24	Сәрсенбі	3 Сауір	04:07	05:35	12:16	16:46	18:48	20:16
25	Бейсенбі	4 Сауір	04:04	05:33	12:16	16:47	18:49	20:18
26	Жұма	5 Сауір	04:02	05:31	12:15	16:48	18:51	20:20
27	Сенбі	6 Сауір	03:59	05:28	12:15	16:50	18:52	20:22
28	Жексенбі	7 Сауір	03:57	05:26	12:15	16:51	18:54	20:24
29	Дүйсенбі	8 Сауір	03:54	05:24	12:14	16:52	18:56	20:26
30	Сейсенбі	9 Сауір	03:52	05:22	12:14	16:53	18:57	20:28

Пайғамбарымыз: «Шағбанның он бесінші түні болғанда түнін ғибадатпен, күндізін оразамен өткізіңдер. Ол түні Алла тағала былай дейді: «Кешірілгісі келетін адам жоқ па, күнәларын кешірейін? Ризық сұрайтын адам жоқ па, ризық берейін? Дертке дауа іздеген адам жоқ па, денсаулық берейін? Кім не қаласа берейін». Бұл жағдай таң атқанға дейін жалғасады». Бір хадисте былай делінген: «Сондай-ақ бес түн бар. Алла тағала осы аталмыш түндерде өзі үшін мінәжат етілген дұғаларды шәк-шүбәсіз қабыл етеді: Ережептің алғашқы түні, Шағбанның 15-ші түні, Жұма түні, Ораза және Құрбан айттардың түндері». Сонымен қатар бұл түн періштелерге берілген екі мерекенің бірі. Дінтанушы Мұхамеджан Естеміров: – Жер бетінде мұсылмандардың екі мерекесі бар. Ол Ораза айт мейрамы мен Құрбан айт мейрамы. Міне, осы секілді көктегі періштелердің де екі мерекесі бар екен. Ол «Бәраат» түні мен «Қадір» түні. Сондықтан бұл

салғандар; Екі кісінің арасына сөз таситын өсекшілер. Сондықтан аталмыш күнелардан аулақ жүргеніміз абзал. Алла Тағала осындай қасиетті түндерді құлшылықпен өткізіп, күнәларымыздан тазаруды баршамызға нәсіп етпей!

Әрбір мұсылманға білуі қажет болатын мазмұнды әңгімеңіз үшін рахмет! Ораза ұстауға ниет еткен жамағатқа ниеттерің қабыл болсын дейміз! Газет оқырмандарының есіне сала кетейік, биылғы Рамазан айы бекітілген кестеге сай, 2024-жылғы 11-наурызда басталады. Ал қасиетті Қадір түні 5-нен 6-сәуірге қараған түнге дәл келіп тұр. Мұсылман қауым үшін қадірлі оразаның аяқталғанын білдіретін ұлық мейрам Ораза айт 10-сәуірде болады. Ал, үш күн тойланатын Құрбан айт 17-маусымға сәйкес келеді.

Әңгімелескен:
Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

КЕШЕГІ ЕРЛІК ЖОЛДАРЫ – БҮГІНГІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ!

Жыл өткен сайын, өткен XX ғасырдың ең елеулі оқиғасына айналған Ұлы Отан соғысында ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қазақстандық жауынгерлердің аз болмағандығы анық. Солардың ішінен жанқиярлық ерлік танытқан Сағадат есімді қазақ жігіті Кеңес Одағының Батыры атанса, Рақымжан есімді қазақ азаматы гитлерлік неміс басқыншыларының басты ордасы саналатын Рейхстагқа ең бірінші болып Жеңіс Туын қадайды. Биыл, барша қазақстандықтар Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Тәуелсіз Қазақстанның ең жоғарғы Халық Қаһарманы атағының ең бірінші иегері, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов пен Рейхстагқа Жеңіс Туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың дүние есігін ашқан күндеріне 100 жыл толуын атап өтеді. Осы орайда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Приозерск гарнизонында қос батырдың өмірі мен ерлік жолына арналған «Ерлік ешқашан ұмытылмайды!» тақырыбымен дөңгелек үстел ұйымдастырылып өткізілді.



батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың ерлік істерін баяндайтын деректі фильмдер көрсетілді.

Іс-шара барысында қос батырдың өмірі мен ерлік істерін кеңінен насихаттау мақсатымен, Приозерск гарнизоны мен Приозерск қаласындағы алға қойған жоспарды орындау талқыланды. Жоспарға сай әскери ортада, балабақшаларда, білім ошақтарында және қала жастарымен ерлік сабақтарын ұйымда-

дығы аталып өткелі отырған Рақымжан Қошқарбаев батырымыздың атымен аталатын көшеге абаттандыру жұмыстарын жүргізе отырып, көше бойын жақсарту ісін қолға алу керекпіз. Шынымен де, «әскерилер қалашығы» ретінде саналатын қаламыздағы Рақымжан батырдың атында көшенің бар екенін еңбектеген баладан, қартайған қарияға дейінгі барлық қала тұрғындары мақтаныш сезімде біліп жүруі тиіс деп санаймын» - деп, ой түйді. Осы тұрғыда қаламыздағы жазғы демалыс уақытында оқушыларды еңбекке баулу мақсатындағы «Жасыл Ел» бағдарламасының жас жеткіншектерінің, 06708 әскери бөлімінің «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубы мен 60601 әскери бөлімінің «Сағадат» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілерінің, қалалық №2 жалпы білім беретін мектебіндегі «Жас сарбаз» сыныптары оқушыларының қатысуымен батыр есіміндегі көшеде тазалық жұмыстарын жүргізу жолға қойылды.

Келесі кезекте әскери бөлімдердегі бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасарлары, мектептердегі алғашқы әскери және технологиялық дайындығы пәнінің оқытушылары тарапынан қалалық білім бөлімінің басқармасымен келісе отырып, әскери бөлімдер мен мектеп қабырғаларына қазақтың қайсар жүректі батырлары С.Нұрмағамбетов пен Р.Қошқарбаевтың өмірі мен ерлік жолына арналған арнайы тақталарды ілу мәселесі көтерілді.

Төрден орын алған ауған соғысының ардагері Қалмырза Сердалиев пен тәжік-ауған шекарасындағы қарулы қақтығыстарға қатысқан жауынгер, 44841 әскери бөлімінің 3-ші сыныпты сержанты Қамқабек Дулатов дөңгелек үстелдің көркін қыздырып отырды. Ал, осы іс-шараға арнайы тартылған мерзімдік қызметтегі

Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаздардың, «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубы мен «Сағадат» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілерінің, мектептің «Жас сарбаз» сыныбының жеткіншектерінің және мектептің үздік оқушыларының дөңгелек үстелдің дәл ортасында тұрған қазақтың қайсар қайтпас батырлары Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың биік тұлғалы батыр бейнесіндегі суретіне қарап отырып, «келешекте мен де осы батыр аталарымыздай өз Отанымның шынайы батыры болсам...» - деген қиялдарындағы алау сезім жүздерінен анық байқалды.

Әскери бөлімдердегі әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмыстарды атқару тобын басқарушылардың атынан сөз алған М.Ш. Мырзахметова бүгінгі дөңгелек үстелдің басты тақырыбына айналған қазақ халқының мақтаныштары С. Нұрмағамбетов пен Р.Қошқарбаевтың есімдерін әрдайым мақтаныш тұтып, олардың өмірі мен ерлік жолдарын үлгі тұту керектігін алға тартты.

Қорытындысында «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің зор ұйымшылдықпен өткеніне жоғары баға берген Приозерск гарнизонының Әскери прокуроры әділет полковнигі Рустембаев Алиярхан Қаңлыбайұлы барлық қатысушылардың алдында Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық Қаһарманы, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов пен Рейхстагқа алғаш Жеңіс Туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың ерлік істерінен үлгі алып, Тәуелсіз Қазақстанның аумақтық тұтастығын қорғау мен қауіпсіздігін сақтау жолында аянбай тер төгу керектігін жеткізе білді.

Осындай ортада қазақтан шыққан Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың өмірі мен ерлік жолдарынан сабақ алып, әскери-патриоттық тәрбие беру ісін арттыра білсек, отаншыл сезімдегі қатарымыздың молая түсетіндігі сөзсіз!

*Тілек Алшымбекұлы
Приозерск гарнизонындағы
Қарулы Күштер ардагерлері
ұжымының төрағасы*

*Фотоматериалдарды
дайындаған:
лейтенант Думан Құрманғалиев*



Аталған іс-шараны Приозерск гарнизонының бастығы, 44841 әскери бөлімінің командирі полковник Савельев Дидар Шаймуратович ашып берді. Дөңгелек үстелдің мақсаты Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандық жауынгерлердің ерліктерін кеңінен насихаттау, ерлік істерінен үлгі алу, әскери-патриоттық тәрбиені жандандыру, еліміздегі өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру және әскери қызметшілердің Отан алдындағы қызметтегі патриоттық сезімін арттыру болғандықтан, алдымен іс-шараға қатысушыларға қос батырдың өмірі мен ерлік жолдары таныстырылып жеткізілді. Сонымен қатар, заманауи бейнеқойылым арқылы қазақтан шыққан

стырып өткізу жолға қойылған. Сондай-ақ қалалық кітапхана, мектептердегі кітапханалар және әскери бөлімдердің кітап қорларын пайдалана отырып, батырлар ерлігіне тарихи зерттеу жүргізу және кітап көрмелерін ұйымдастыру қарастырылған. Осы ретте дөңгелек үстелге арнайы шақырылған «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы П.С. Кенжебекова көптеген сұрақтарға жауап берді.

Приозерск қалалық Маслихатының хатшысы Алтай Исатаевтың қатысуымен Приозерск қаласындағы Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен аталатын көшеге абаттандыру жұмыстарын жүргізу мәселесі көтерілді. Кезегі келгенде сөз алған Алтай Нәсіпбекұлы: «Биыл туған жылының 100 жыл-

МАҚТА ӨСІРУДЕН БАСТАП КИИМ ТІГУГЕ ДЕЙІН: ҚАРАҒАНДЫ, ШЫМКЕНТ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІ ҢНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЙЛЫ КЕЛІСІМ ЖАСАСТЫ



Қарағанды облысының тігін кәсіпорындары елімізді отандық шикізатпен және жоғары сапалы маталармен қамтамасыз етеді. Облыс әкімдігінің қолдауымен Шымкент қаласы мен Түркістан облысының өндірушілерімен өңіраралық консорциум құру туралы шарт жасалды.

Бұл Қазақстанның жеңіл өнеркәсібін дамытудың жаңа кезеңі үшін бастапқы нүкте болмақ. Қазір Қарағанды облысының тігін кәсіпорындары шикізатты шетелден сатып алуға мәжбүр, дегенмен елімізде өз матамыз өндіріледі. Қазақстанда мақта өсіріледі және қайта өңделеді, тоқыма комбинаттары мен тігін фабрикалары жұмыс істейді, ал іс жүзінде отандық мақтадан тігілген киім жоқ. Бұл мәселені шешу және отандық өндірушіні қолдау үшін Қарағанды облысының әкімдігі жергілікті, сондай-ақ Шымкент және Түркістан кәсіпкерлеріне ынтымақтастық туралы уағдаластық орнатуға көмектесті. Енді Абай фабрикасы Түркістан мақтасынан жасалған AZALA Group Шымкент тоқыма кәсіпорнынан маталарды сатып ала алады. Бұл ретте жергілікті өндіріс ошағы дайын материалды сатып алып қана қоймай, мақта өсіруден бастап, оны қайта өңдеп, маталарды өндіруге дейінгі бүкіл өндіріс процесін тікелей бақылай алады.

Бірінші кезеңде өңіраралық консорциумға Абай тігін фабрикасы, Ютария Ltd және «ТАА» ЖШС сияқты тігін кәсіпорындары кіреді. Болашақта бұл тізім толықтырылуы мүмкін.

– Бұл екі өңір үшін ғана емес, жалпы Қазақстан үшін мегасаяси және экономикалық тиімді келісім. Түркістан облысы мақта өсіреді, онда ол екі зауытта өңделеді. Одан әрі Шымкентте екі фабрикада маталар шығарылатын болады, ал қарағандылық тігін кәсіпорындары ірі өнеркәсіптік компанияларды толығымен жұмыс формасымен қамтамасыз ететін болады, – дейді AZALA Group тоқыма комбинатының құрылтайшысы Бауыржан Жамалов. – Бірінші кезеңде жұмыс киімдері тігіледі. Бүгінгі таңда Қарағанды облысының барлық өнеркәсіптік алпауыттары осындай ынтымақтастыққа мүдделі, өйткені әзірге олар жүз пайыз импорттық матаны пайдаланып отыр. Бірақ біздің зауыт бұл тауашаны жабуы мүмкін.

– Дүйсенбіде жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының Теміртаудағы Qarmet корпорациясымен жемісті кездесуі болған еді, ал бүгін Шымкенттегі Қазақстанның ең ірі жеңіл өнеркәсіп AZALA кәсіпорнында «Қазақмыс» корпорациясымен кездесу өтті. «Қазақмыс» және Qarmet корпорациялары бастаған трендтен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі де, «Самұрық-Қазына» да, министрлік те шетте қалмауы үшін, бұл бастаманы ілгерілетуі қажет. AZALA тоқыма комбинаты үшін қуаныштымын. AZALA – бұл біздің саланың негізі. Тоқыма комбинатында бәрі жақсы болса, тігін фабрикаларында бәрі жақсы болады, – деп атап өтті Абай тігін фабрикасының басшысы Нұрхан Жұмабеков.

Қарағанды облысының әкімдігінің баспасөз орталығы

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІН ЖАМЫЛҒА ДЕСТРУКТИВТІ АҒЫМДАР НЕГІЗІ МЕН ЖАЛПЫ СИПАТТАМАЛАРЫ»

Ислам дінінің қазақ жеріне келуінің бір, екі жүз жыл емес мыңжылдық тарихы бар. Ислам діні ата-бабаларымыздың мәдениетіне, салт-дәстүріне тіпті қанына сіңіп, атадан балаға жеткен дін екенін ұмытпауымыз қажет. Тарихымызға үңіліп қарайтын болсақ, Ислам дінінің қазақ жеріне келгеннен бері, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы тек ислам дінін ұстанған.

Ислам дінінің Қазақстан мен Орта Азия жеріне келуі атақты Кутейба ибн Муслимнің Мауереннахр жеріне енуімен байланысты. 751 жылы мұсылман әскері Талас маңында Таң империясының әскерін жеңгеннен кейін Ислам діні біржола қазіргі Қазақстан жерінде нық орныға бастайды.

Ислам дінінің келуімен қала мәдениеті, ғылым, білім, сауда, өнер салалары өркендеді. Оңтүстік Қазақстан және Жетісу жерінде медреселер мен мешіттер бой көтерді. Қарахан мемлекеті Ислам дінін мемлекеттік дін деп қабылдаған алғашқы мемлекет болды.

Ислам дінінің кеңінен таралып, қалыптасуы бейбіт түрде жүзеге асты. Ислам дінінің келуімен бірге Ислам әлемінің жарық жұлдыздары Әбу-Насыр әл-Фараби, Әбу Ибраһим Исхак әл-Фараби, Ғаламәддин әл-Жауһари, Қожа Ахмет Яссауи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Хуссам Аддин Ас-Сығанаки сынды ислам мәдениеті мен ғылымын әлемге паш еткен ғұламалар пайда болды.

Қазақ жері патшалық Ресейдің боданына айналған тұста патша үкіметі ислам дінінің толыққанды дамуына кедергілер жасады. Отаршыл шенеуніктер ислам дінінің ықпалын барынша шектеуге тырысты. Мұның шектен шыққан мысалының бірі ретінде жергілікті халықты шоқындыру бағытындағы ашық іс-әрекетін айтуға болады. Алайда, халқымыз отар жағдайында ата-баба дініне адалдығы мен беріктігін сақтап, келесі ұрпаққа жеткізе білді. Бізге жеткен құжаттар бойынша XIX ғасырдың 60 жылдары Түркістан қаласында 20-ға жуық мешіт, 2 медресе болған. 1917 қазан төңкерісіне дейін Ақтөбе аймағында 200-дей, Жетісу өлкесінде 269, Бөкей хандығында 78, Әулие ата қаласында 15 мешіт болған.

Өкінішке орай, Кеңес үкіметі тұсында Ислам дінін тереңінен оқып жастарға ақиқатты жеткізетін сауатты қожа-молдалар саны төмендеді. Кеңес дәуірі тұсында дүниеге келген балалар атеизм рухын сіңіріп өсті. Осының барлығы қазақ халқының рухани мәдениетінің төмендеуіне және салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының ұмытылуына дейінгі кейпіне алып келді.

Кеңес үкіметі құлағаннан кейін, Қазақстан нарықтық экономикаға негізделген, қоғамдық өмірдің барлық салаларын демократияландыру жолымен жүретін әлеуметтік, азаматтық қоғам құрушы зайырлы мемлекет болып қалыптасты.

Қазақстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін қоғам өмірінің барлық салаларында дерлік терең, түбегейлі өзгерістер орын алды. Бұл өз кезегінде дін мен діни құбылыстардың өзінде де терең өзгерістерге алып келді.

Жетпіс жыл бойы Кеңес үкіметінің жүргізген идеологиялық саясатынан арылып, діни бостандыққа қол жеткізгеннен кейін қазақ халқы ұстанған Ислам дініне бет бұра бастады.

Дәстүрлі Ислам діні – мемлекет және қоғам тарапынан ресми танылған, нақты қоғамда әлеуметтік-мәдени үстемдікке ие, сондай-ақ тарихи және этно-мәдени негізді бар болатын болса, дәстүрлі емес ислами ағымдар біздің мемлекетіміздің аумағында ұзаққа созылған тарихи дерегі жоқ.

Соның бірі – сәләфилер. Сәләфиликислам ағымы «әс-Сәләф әс-Сәлих», яғни, «біздің заманымыздан бұрын өмір сүрген ізгі бабалар» түсінігімен, олар амалға асырған іс-әрекеттерді сол қалпында қабылдауды мақсат тұтқан діни-саяси бағыт. Мұхаммед (с.ғ.с) өз сахих хадисінде: «Ең қайырлы буын – менің замандастарым. Одан кейін олардың соңынан ергендер. Сосын бұлардан кейін келгендер» деген. Хадистегі «ең хайырлы буын» деген атқа ие болған алғашқы үш буын өкілдерін «сәләф-ус-салихин» атауымен атаған.

Елімізде соңғы 10-12 жылдың ішінде өздерін біз «сәләфпыз» деп бөлетін дәстүрлі емес ағым пайда болды. Олар Алланың бірлігіне шақыру, ислам дінін бидғат (Ислам дініне жаңадан енгізілген жаңалықтар) амалдардан тазалау, дінімізді Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманындағыдай қалпына қайтару, араб әлемін біріктіру сияқты мақсаттарды көздейді.

«Таблиғ жамағаты» - Қазіргі кезде еліміздің барлық аумақтарына тарап, танымал болған «Таблиғ жамағаты» деп аталатын топ пайда болды.

«Таблиғ жамағаты» елді мекендерді аралап жүріп дағуат жасайды, олар мұндай дағуаттарын «баян» немесе «хұтба» деп атайды. «Баян» кезінде адамдарды дағуат тыңдауға жинап, оларды бірнеше топқа бөліп, оның әрбіріне жетекші тағайындап, оларға Фатиха мен бірнеше қысқа сүрелер үйретіледі. Осылайша, бірнеше күн өткеннен кейін, сол адамдарды өздерімен бірге «дағуатқа» шығуға міндеттейді. Содан әрбір адам өзінің шамасына қарай олармен бірге 1 күн, яки 3 күн, жылына қырық күн, өмірінде төрт ай дағуатқа шығуы қажет болады. Таблиғшылар мұндай дағуатқа шығуды «хуруж» дейді.

Осы аталған ағымдардың негізгі мақсаты:

Қазақстанда Халифат құру мақсатында және барлық заңдарға «Шариаттың» басшылық етуі үшін, мемлекеттік құрылымды жою;

Қазақстан Республикасының шекараларын әлсірету;

Мемлекеттік ресурстарды жаулап алу және жергілікті тұрғындарға толық ықпал ету;

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, Мемлекет тарапынан аталған мәселелердің алдын алу үшін, сондай-ақ елімізде қалыптасқан дәстүрлі Ислам дінінің рөлін нығайту және дінаралық келісімді күшейту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуы.

Қарағанды облысы білім басқармасының
Приозерск қаласы білім бөлімінің
«№2 ЖББОМ» КММ «Тарих» пәні мұғалімі:
Атемкулова Фатима Сайдуллақызы



ҚАЗАҚСТАН МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА

Биыл Қазақстан мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Мерейтой – өткенге есеп беру, ой байыптау, қорытындылар жасау үшін жақсы мүмкіндік. Бұл мерейтойлық датаның жергілікті өзін-өзі басқарудың маңызды буындары – өкілетті органдардың қалыптасуы мен дамуының белгілі бір кезеңінің қорытындысы ретінде ерекше орны бар. Осы жауапты міндеттерді орындауға өткен жеті шақырылымның депутаттары мол үлес қосып, қазіргі сегізінші шақырылым депутаттарының күш-жігерлері жұмсалуда.

Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастау көзі – халық. Қоғамды демократияландыру үдерістерінде жергілікті өкілді органдардың, халық билігінің негізгі формасы ретінде, мәслихаттар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының атқаратын рөлі өте зор.

Приозерск қалалық мәслихаты жұмысының негізгі принципі – түсіністік, атқарушы органдармен тығыз байланыс, ортақ іске бірге жұмылу.

1994 жылдың наурызында елімізде Қазақстанның саяси және мемлекеттік құрылымындағы жаңа дәуірдің символы болып табылатын жергілікті биліктің өкілетті органдары – мәслихаттар сайлауы өтті.

Олар республиканың демократияға өтуін айтарлықтай жеделдетті, өйткені ол елдегі алғашқы шынайы бәсекелес сайлау болды. 2001 жылдың қаңтарында Парламент «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын қабылдады.

Мәслихаттарға саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының құрамын сайлауға қосымша өкілеттіктер берілді.

Мәслихаттарға жергілікті халықтың еркін білдіретін және өз қызметін

дербес, бірақ қатаң заң шеңберінде жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың функциялары мен өкілеттіктері берілді.

Еліміздің қалыптасуының сол бір қиын жылдарында қалалық мәслихат депутаттары атқарушы билікпен бірлесе отырып, қала тұрғындарының өзекті мәселелерін шешудің жолдарын үнемі іздестірді.

Бірақ, қанша қиын болса да, сол қиын-қыстау жылдарда да депутаттық корпус атқарушы билікпен бірлесе отырып, бюджеттің бірінші кезекте барлық қаражатының елу пайыздан астамы болатын қаражатты әлеуметтік салаға бағыттағандай етіп қалыптастыруға тырысты.

Бүгін, мерейтой күні өзіннен бұрын – қалалық мәслихат хатшылары Төлеубеков Шария Ахмедияұлы, Жазыбаев Ғабдыманап Серікұлы, Есенжолов Жәкен Оралқанұлы, Омаров Ерлік Сәлімұлы және Сәрсембеков Бекзат Мұқсиынұлын қаланың өкілді органының қалыптасуы мен дамуына қосқан ерекше үлестерін атап өткім келеді.

Депутаттар қоғамда болып жатқан процестердің мәнін анық түсінеді, оған өздерінің қатысуын жіті сезінеді, депутаттық корпусың алдында тұрған мәселелерді шешудегі рөлі мен орнын айқын түсінеді.

Қазіргі таңда мәслихат депутаттары өңірдің қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінің барлық салаларына белсенді түрде ықпал етуде. Депутаттар жергілікті мәселелерді зерделеуге, сайлау округтерінде халықпен кездесулер өткізуге, өкілді және атқарушы органдардың қызметкерлерімен жұмыс кездесулерін өткізуге мұқият қарайды.

«Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңында елдің жергілікті өкілді органдарының өкілеттіктерін кеңейту және рөлін арттыру өкілді органдардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жаңа мүмкіндіктер туғызады. Заң облыстар мен жергілікті қалалар мен астана

әкімдерін тиісті мәслихаттардың келісімімен тағайындау, әкімдердің есептерін тыңдау, бағдарламалық құжаттарды, ережелерді, түрлі кеңестер мен комиссиялардың құрамын бекітуді қарастырады.

Жұмысты үйлестіру және сессияда қаралған мәселелерді сапалы дайындау үшін қалалық мәслихат қабылдаған барлық нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкестігі жөнінде қорытынды беретін үш мамандандырылған тұрақты комиссия құрылды. Тұрақты комиссиялардың жұмысына депутаттық және еңбек қызметінде үлкен тәжірибесі бар қалалық мәслихаттың депутаттары басшылық етеді.

Қалалық мәслихат депутаттары негізгі қызметінен шектен тыс бос емес болса да, өз сайлаушыларымен үнемі кездесіп, азаматтардың өтініштерін мұқият қарап, өз округтеріндегі тұрғындардың өзекті мәселелерін шешуге жәрдемдеседі, қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді түрде қатысады, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары мен сессияларына қатысады.

Екі, үш, төрт шақырылым депутат болғандарды атап өткім келеді.

Қалалық мәслихат пен оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық және материалды-техникалық қамтамасыз ету, депутаттарға өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға жәрдемдесу үшін қалалық мәслихаттың аппараты құрылды.

Мәслихаттың барлық салада ірі-кішісіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуде қалалық мәслихаттың шағын аппараты қаншама жұмыс атқарғанын және атқарып жатқанын білесіз.

Аппараттың бұрынғы және қазіргі көптеген қызметкерлері бүгін осы залда.

Айдарбекова Хырмызы Хамитовна, Мешітпаева Сәлима Мешітпаевна, Медетбекова Зауреш Амановна, Ізтелебаева Бахытқұл Нұрхожаевна, Данегулова Роза Ақылбаевна, Шиналиев Серік Шілікбаевичті атап өткім келеді.

Аппараттың барлық бұрынғы және

қазіргі қызметкерлеріне еңбектеріңіз үшін алғыс білдіремін, сіздерге денсаулық және барлық жақсылықты тілеймін.

2024 жылдың қаңтар айынан бастап жергілікті газетте «Мәслихатқа – 30 жыл» айдарымен Приозерск қалалық мәслихат депутаттары жөнінде ақпарат және олардың мақалалары тұрақты түрде жарияланып келеді.

Мерекеге арналған «30 жақсы іс» акциясы да өз жұмысын бастау алды, бұл шара жыл бойы жалғасады.

Биліктің өкілді органдарына сайланғандықтан, біз өз жерлеріміздің мүддесі үшін кейде қиын шешімдер қабылдауды, олардың орындалуы үшін жауапкершілікті алу құқығы берілгенін түсінеміз.

Бұл сайлау округтерінде тұратын жүздеген, кейде мыңдаған адамдар олардың мүдделерін мемлекеттік органдарда лайықты қорғауды, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешу үшін қолдан келгенін бәрін жасайды деген үмітпен бізді сайлағанын бәріміз есте ұстауымыз керек дегенді білдіреді.

Елдің дамуымен халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы да өзгеріп отырады, сондықтан да әрбір шақырылымдағы мәслихаттар экономика мен қоғамдағы маңызды рөлге ие болып қала береді. Халық қалаулылары ретінде тұрғын халықтың мұң-мұқтажы, талап-тілектерімен көп жұмыс жасады. Қалың бұқара мен билік органдары арасында алтын көпір болды. Қаламыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлестерін қосты.

Бұл мерейтойлық дата жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органдарының қалыптасуы мен дамуының белгілі бір кезеңінің нәтижесі ретінде үлкен маңызға ие.

Мерейтоймен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын, дендеріңізге саулық, жанұяларыңызға құт-береке тілеймін.

Приозерск қалалық
Мәслихатының төрағасы
ИСАТАЕВ АЛТАЙ НӘСПЕКҰЛЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛУДА

Мемлекеттік қызметшілердің еңбекті, денсаулықты қорғауға, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларына, сондай-ақ әлеуметтік және құқықтық қорғалуға құқығы бар.

Бұл ретте, азаматтармен қоса мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау, олар бұзылған жағдайда қалпына келтіру Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің қызмет бағыттарының бірі болып табылады.

Департаментпен 2023 жылы мемлекеттік қызметшілердің еңбек демалысына шығу мәселесіне талдау жүргізіліп, қорытындысы бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған.

Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның талаптарына қайшы жекелеген мемлекеттік органдарда жыл сайынғы төленетін еңбек демалысының бір бөлігі

демалыс ұзақтығының күнтізбелік екі аптасынан кем болғандықтан, 4 қызметшінің құқықтарының бұзылуына жол берілген.

Сондай-ақ, 12 қызметшіде 2020-2023 жылдары аралығында еңбек демалысының толық күндерін пайдаланбау салдарынан 49-71 күнге дейін күндер жиналып қалған.

Бұдан бөлек, заңнама талаптарына қайшы мемлекеттік қызметшіге іссапар шығыстарын негізсіз төмендету фактісі орын алған.

Анықталған кемшіліктер Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында қаралып, мемлекеттік қызметшілердің бұзылған құқықтары қалпына келтірілген.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту мәселесі Департаменттің жіті бақылауында.

2023 жылы мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік органдарда жұмыс уақы-

ты режимін сақталуына мониторинг жүргізу функциясы берілді.

Мониторинг мемлекеттік органдарға бару, қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесін талдау арқылы жүргізіледі.

Бүгінгі күні облыс көлемі бойынша аталған жүйе 40% мемлекеттік органдарда орнатылған, оның ішінде 46% «E-kyzmet» ақпараттық жүйесімен интеграцияланған.

Бекітілген жоспарға сәкес 2023 жылдың екінші жартыжылдығына мемлекеттік органдарға бару арқылы 62 мониторинг жүргізіліп, 16 үстеме жұмыс жасау фактісі анықталған.

Департаменттің хаты негізінде мемлекеттік қызметшілердің бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органға жұмыс уақытын режимін бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 89-бабы бойынша әкімшілік іс қарау функциясы берілді.

Департаментпен 2023 жылы бір мемлекеттік органның басшысы қарамағындағы қызметшіні тиісті актісіз үстеме жұмысқа тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған болса, мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқығы қалпына келтірілген.

Департаментпен аталған бағытта жұмыс өз жалғасын табатын болады.

Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары бұзылған жағдайда Департаментке келесі мекенжай бойынша жүгінуге болатынын хабарлаймыз: Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39, телефон 8 (7212) 50-40-75 (немесе e-Otinish платформасы арқылы).

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы Б. Макеев

БЕШЕНСТВО - ОСОБО ОПАСНОЕ ЗАБОЛЕВАНИЕ!

Бешенство - инфекционное заболевание человека, передающееся от больных животных (главным образом от собак, кошек, волков, лисиц) при укусе или ослонении ими кожи, а также слизистых оболочек укушенного, сопровождающееся тяжелым поражением центральной нервной системы.

Возбудителем болезни является нейротропный вирус, относящийся к группе патогенных для млекопитающих рабдовирусов, поражающий нервные клетки головного мозга человека.

У зараженных бешенством животных (собаки, волки, кошки, лисицы и др) вирус содержится в клетках центральной нервной системы и переходит в их слюну, чем и определяется ее заразительность, механизм передачи инфекции к здоровым людям, укушенным или ослоненным бешеными животными.

Особенно важное значение в эпидемиологии бешенства у людей играют зараженные им собаки. Однако резервуаром и источником инфекции, помимо собак, могут быть волки, лисицы, кошки, изредка также рогатый скот, лошади. Огромную опасность представляют укусы бешеными животными людей в голову, область лица и шеи, в подобных случаях инкубационный период сокращается, а клинические симптомы приобретают бурное развитие, приводя к гибели заболевшего человека через 4-5 дней от момента появления первых клинических признаков бешенства.

Инкубационный период продолжается от 15 до 55 дней, изредка он может удлиниться до 1 года.

Первые клинические симптомы бешенства появляются уже в период предвестников (продромальный период), продолжающиеся от 1 до 3 дней; на месте укуса бешеным животным появляется тупая, ноющая боль, в окружности раны, даже в том случае, если она уже зарубцевалась, больной испытывает чувство жжения; на примыкающих к ране участках кожи отмечается гиперестезия. Основными жалобами больных является бессонница, подавленное настроение, у некоторых больных зрительные галлюцинации угрожающего характера. Эти симптомы не являются строго специфическими для бешенства, но вслед за продромальным периодом развивается характерная клиническая картина.

Различают 2 стадии в течении болезни:

- Стадию возбуждения, продолжающуюся от 4 до 7 дней и
- Стадию параличей, которая ведет затем к смерти больного.

На протяжении первой стадии заболевания бешенством поведение больного характеризуется возбужденностью и встревоженностью, обострением зрительной, слуховой и тактильной чувствительности. Яркий свет, различные звуки, шум, прикосновение к поверхности тела больного вызывают клинические и тонические судороги мышц конечностей; На 2-3 дней от начала болезни появляются и самопроизвольно возникающие судороги, повторяющиеся через короткие промежутки времени. В те же сроки возникает один из важнейших симптомов болезни - водобоязнь, выражающиеся в том, что при виде воды, звуке льющейся струи жидкости у больного рефлекторно возникают спазматические судороги глотательной мускулатуры, это делает невозможным при попытке выпить воды хотя бы один глоток. Хотя больного мучит жажда, он отталкивает поднесенный к его рту стакан с водой ввиду спазмов глотательной мускулатуры. Быстро нарастает слуховые и зрительные галлюцинации, главным образом угрожающего характера, бред. Характерно усиленное слюноотделение.

По окончании стадии возбуждения болезнь вступает во вторую и последнюю - паралитическую стадию, продолжающуюся от 10 до 30 час и заканчивающуюся смертью больного.

Отсутствие эффективных методов лечения бешенства делает невозможным спасение жизни заболевших.

Профилактика: Важную роль в профилактике бешенства играют меры постоянного ветеринарного надзора за собаками, как основным резервуаром и источником инфекций, выполнение административных правил по ношению собаками намордников, отлов и содержание бродячих собак и кошек.

Вспомогательное значение имеют прививки собак против бешенства.

При укусах необходимо обратиться в лечебно-профилактическое учреждение к хирургу для получения своевременной антирабической помощи, где также выясняется фамилия, имя, отчество, адрес хозяина собаки. С целью определения наличия бешенства у собаки, за данной собакой в течение 10 дней проводится ветеринарное наблюдение. В случае здоровой собаки курс вакцинации уменьшается. Поэтому ни в коем случае собака не должна умертвляться.

Люди, укушенные или ослоненные животными подлежат обязательному проведению антирабических прививок, то есть выполненное при соблюдении всех правил и своевременно начатое от момента укуса или ослонения людей животным, позволяет надежно предохранить людей от этого мучительного и смертельного заболевания.

Приозерское городское УСЭК

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ!!! ВАЖНАЯ ИНФОРМАЦИЯ!!!



АЛЕКСАНДР НИКОЛАЕВИЧ ГОРЛОВТЫ – **ӨЛДІ ДЕП ТАҢУ** бойынша азаматтық іс қаралуда.

Александр Николаевич Горловтың орналасқан жері туралы мәліметтері бар адамдарға осы туралы, жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Қарағанды облысының Приозерск қалалық сотына келесі мекен-жай бойынша хабарлау ұсынылады: **Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Ағыбай батыр көшесі, 10 үй, тел: 8-71039-5-40-62, электрондық мекен-жайы 721-5564@sud.kz.**

Қарағанды облысының Приозерск қалалық соты 20.02.2024 жылы Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Алаш көшесі, 30 үй, 1 пәтер тұрғыны **Николай Николаевич Горловтың отініші бойынша Кыргызстан Республикасы, Фрунзе қаласының тумасы, 21.05.1975 жылы туылған, тұрғылықты мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Кисунько көшесі 4/2 үй, 5 пәтер тұрғыны,**

Приозерским городским судом Карагинской области 20.02.2024 года по заявлению Горлова Николая Николаевича, проживающего по адресу: Республика Казахстан, Карагинская область, г.Приозерск, ул.Алаш, д.30, кв.1 возбуждено гражданское дело об объявлении **ГОРЛОВА АЛЕКСАНДРА НИКОЛАЕВИЧА, 21.05.1975 года рождения, уроженца Киргизии, г.Фрунзе, проживающего по адресу: Республика Казахстан, Карагинская область, город Приозерск, ул.Кисунько, 4/2, кв.5 – УМЕРШИМ.**



Лицам, имеющим сведения о месте нахождения гражданина Горлова Александра Николаевича, предлагается сообщить об этом Приозерскому городскому суду Карагинской области по адресу: Карагинская область, г.Приозерск, ул.Ағыбай Батыра, д.10, тел.8-71039-5-40-62, электронный адрес 721-5564@sud.kz в трехмесячный срок со дня публикации.

КӨҢІЛ АЙТАМЫЗ

Приозерск қалалық мәслихатының депутаттары мен аппарат қызметкерлері, Приозерск қаласының әлеуметтік – экономикалық проблемаларын шешуге жеке үлесін қосқан, Приозерск қаласының құрметті азаматы Кеңес Джексенбекұлы Джалмуханбетовтың қайтыс болуына байланысты, ағайын – туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

СОБОЛЕЗНОВАНИЯ

Депутаты Приозерского городского маслихата и сотрудники аппарата, выражает соболезнования родным и близким в связи со смертью Джалмуханбетова Кенесе Джексенбековича, почетного гражданина города Приозерск, внесший личный вклад в решение социально – экономических проблем города.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBЕК JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №9/87, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.